

*Телекөрсетілім журналистикасы

2 тарау

Телекөрсетілім функциялары:

1. Ақпараттық;
2. Әлеуметтік-басқарушылық;
3. Рекреативтік ;
4. Интегративті;
5. Ұйымдастырушылық;
6. Мәдени-ағартушылық;
7. Білім берушілік.

- * Ақпараттық функция - дәл уақытында әлемнің кез келген түкпірінен жаңалықтарды алуға мүмкіндік береді. Оған телеарналар ұсынатын жаңалықтар кіреді. Мысалы, 31 арна жаңалықтары «Информбюро» немесе «КТК», «Қазақстан», «Астана» сияқты арналардың «Кешкі жаңалықтары». Олардың бір-бірінен айырмашылығы: арналардың қай бағытта жұмыс істейтіндіктеріне байланысты. Мысалы, «Қазақстан» телеарнасы «Ұлттық» телеарна болып есептелінеді.




Рекреатив (лат. Recreatio - қалпына келу) - адамның күні бойы жоғалтқан күш қуатын қалпына келтіру. Ойын-сауықтық және көңіл-ашар бағдарламалар жатады. Мысалы, «Жайдарман» ойыны. Тек жақсы көңіл-күй сыйлап қана қоймай, жақсы әсер қалдырады.



- * Рекреативті функцияға «Жұлдыздар жарқырайды», «Ән шашу», «Опера және балет» сынды бағдарламалар кіреді.



- * Интегративті функция - адамзатқа тән құндылықтарды насихаттайды. Аяқ жетпесе де, көзбен көруге мүмкіндік алуға болады. Мысалға «Бүк пен шік», «Жиһангез», «Шарайна» т.б.



- * Ұйымдастырушылық функциясы - қоғамды бір іске жұмылдыру (қайырымдылық жасау үшін немесе митингке шығу үшін) мақсатында қызмет атқарады. Мысалы «Аялы алақан», «Алтын жүрек», «Шетелдегі қазақ балалары».



- * Мәдени-ағартушылық бағытта жұмыс істейтін арналар тарихи деректерді немесе деректі фильмдерді көрсетеді. Мысалы «Алтын көмбе», «21 ғасыр көшбасшысы», «Телевикторина».



- * Білім берушілік функциясы - адамның ой-өрісін кеңейту мақсатындағы бағдарламалар желісі. Оған біз History Channel арнасын жатқыза аламыз.



- * Қорытындылай келе, айтарым телевизиялық функцияның әрқайсысы қоғам үшін қызмет етеді. Байқамауымыз мүмкін, бірақ шындап келгенде біздің өмірімізде бұл функциялар үлкен рөл атқаруда.

Назарларыңызға рахмет!

